

**Қызылпан Сұлтанбеков атындағы орта мектебінің кезектен тыс
№3 педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесі**

Жақсылық ауылы

12.06.2024 жыл

Қатысушылар: 52

Қатыспағандар: 3

Күн тәртібінде:

1. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен педагогикалық ұжымды таныстыру.
2. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелеріне баға беру.

Тыңдалды:

1. Мектеп директоры А.Стыбаева педагогикалық ұжымды өзін-өзі бағалау нәтижесімен таныстырды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын негізге ала отырып мектепте 2024 жылдың 30 сәуір және 12 маусым аралығында өзін-өзі бағалау жүргізілгенін айтты.

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының» 2-ші тарауы бойынша барлық бөлімдер: 1-параграфтың 9-11 бөлімдері, 2-параграфтың 12-15 бөлімдері басшылыққа алынып, іс-шаралар жоспарына сәйкес орындалды.

Өзін-өзі бағалауды жүргізу барысында барлық комиссия құрамы өзіне жүктелген міндеттемелерді өз деңгейінде орындады. Педагогикалық ұжым мүшелері толық қамтылып, оқушылармен жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының негізінде анықталды.

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының» 1-ші параграфы бойынша: Өлшемшартта көрсетілген 8,9 қосымшалары бойынша мектепалды даярлық сынып тәрбиеленушілерінің ата-аналарынан, тәрбиешілерінен сауалнама алынды және 1 параграфтың 9-11 тарауларының бөлімдері жинақталды және аналитикалық талдау жасалды. Даярлық сыныбы оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп, іске асырылады.

Өлшемшарттардың 1-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, мониторингісінің (қорытынды) көшірмелері қоса берілді.

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілеріне тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізіледі. Тәрбиешілер аудан көлемінде ұйымдастырылып өткізілетін ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, семинарлар, тренингтер, педагогикалық кеңестерге қатысып, өз

құзыреттіліктерін көтереді, өзіндік білім көтеру үрдісінде бейімделген бағдарламалармен қосымша білім беру бағдарламаларын қолданады. Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда. Психологиялық және эмоционалдық жағдайды жақсарту, денсаулықтарын нығайту мақсатында көптеген жұмыстар ұйымдастырылды. Медициналық қызмет көрсету өз деңгейде жүргізіледі. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жұмыстары жүйелі жүргізіледі, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің дамуына қажетті жағдайлардың барлығы жасалған. Мектепалды даярлық бойынша тәрбие мен оқытудың оқу-тәрбие жұмыстарын атқаруға қажетті оқу-әдістемелік материалдық базасы қажеттілігіне сай жабдықталған.

Білім беру мен тәрбиенің мақсаты өз деңгейінде жүргізіледі. Тәрбиешілер жаңа инновациялық технологиялар арқылы балаларға білім береді.

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының» 2-ші параграфы бойынша: Өлшемшартта көрсетілген 7,8,9,10,11,12,13 қосымшалары және 2 параграфтың 12-15 тарауының 19 бөлімі жинақталды және аналитикалық талдау жасалды:

12. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкес. 2023 жылдың 31 тамыздағы №1 педагогикалық кеңесінде қаралып білім беру ұйымының басшысымен бекітілген. Сабақ кестелері ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығына сәйкес жасалған.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игерілуі жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жасалған.

3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмыстары талапқа сай құрылған, рәсімделген.

4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында білім алушылардың сабақтан тыс уақыттарын тиімді ұйымдастыруға жағдай жасалынған. Мектепте спорттық, көркем-эстетикалық және пәндік бағыттағы үйірмелерге оқушылар 73 % қамтылған. Жалпы мектеп бойынша 289 оқушы спорттық және көркем-эстетикалық пен пәндік үйірмелерге қамтылған.

5) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі) оқытудың тереңдетілген сыныптары – жоқ.

6) ҰОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстары ЖОЖ сәйкес іске асырылды.

7) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы педагогикалық кеңесте қаралып, мектептің оқу-тәрбие жоспарына сәйкес өткізіліп отыр. 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етілген. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. 5-9 сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Дене шынықтыру" оқу курсының шеңберінде жылдық оқу жүктемесі 15 сағаттан дене шынықтыру мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылады. 10-11 сыныптарда АӘТД пәніне 12 сағат кіріктірілген. Мектепте террористік әрекеттің алдын алу, мекемеобъектісін және ондағы қызметкерлер мен білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын күшейту мақсатында арнайы өткізу режимі бойынша объектіге кірер есікте келушілерді вахтер құжаттары арқылы журналға тіркеп, олардың кіріп- шығуын бақылауға алады. Мектеп ішінде 3, ауласында 3 бейнебақылау қондырғылар жүйесі іске қосылған. Мектепте штаттық кестеге сәйкес 2 вахтер және 3 қарауыл жұмыс істейді. «Террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуының паспорты» жасалынған. Сонымен қатар, қауіпсіздікті

сақтау мақсатында мектептің ішкі (ұлдар, қыздар) әжетханасы іске қосылған.

8) "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсы оқушылардың өмір қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету және келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында 1-4-сыныптардағы әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады. 5-8-сыныптарда "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі.

9) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақталған.

10. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы талапқасай;

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі жән сақталуы талапқасай жасақталған.

3) білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, сыныптарды топтарға бөлуге қойылатын талаптар сақталған.

11. Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

1) ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес тиісті білім берудеңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) талапқасай;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған;

3) 4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау қорытындысы:

Р/с №	Сыныбы	Тізім бойынша журналдағы оқушылар саны	Нақты қатысқан оқушылар саны	Бағалар саны "5"	Бағалар саны "4"	Бағалар саны "3"	Бағалар саны "2"	Орташа балл	Оң бағалар %
1	4 «А»	16	15	1	10	4	0	19,4	100
2	4 «Б»	11	11	2	8	1	0	22,7	100
		27	26	3	18	5	0	21,05	100
1	9 «А»	23	21	0	7	11	3	32,1	85,8%
2	9 «Б»	22	22	0	5	15	2	32,7	90,9%
		45	43	0	12	26	5	32,4	88,4%

Жалпы 4-сынып білім алушыларының саны – 27, қатысқаны – 26.

1 оқушы басқа мектепке ауысып кетуіне байланысты тестілеуге қатыспады .

Шекті балды жинай алмаған оқушы болған жоқ. Жоғары балл жинағандары – 3

Әр сынып бойынша тестілеу нәтижесінің қорытындысы келесідей:

4 «А» сыныбы: Мәлімделген барлық 16 оқушының 15 -і тестілеуден өтті. 1 оқушы басқа мектепке ауысып кетуіне байланысты тестілеуге қатыспады .

Сынып бойынша орташа балл көрсеткіші – 19,4-і, білім және білік дағдысының сапа көрсеткіші – 100% құрады. 1 білім алушы – жоғары көрсеткіш, яғни 85%-100%, 10 – орта (65%-84%), 4 – орта (40%-64%) балл жинады. Шектік балл көлемінен жинай алмаған білім алушы болған жоқ.

4 «Б» сыныбы: Мәлімделген барлық 11 оқушы тестілеуден өтті. Сынып бойынша орташа балл көрсеткіші – 22,7-і, білім және білік дағдысының сапа көрсеткіші – 100% құрады. Шектік балл көлемінен жинай алмаған білім алушы болған жоқ, 2 білім алушы – жоғары нәтиже, яғни 85%-100% көрсетсе, 8 – орта, яғни 65%-84% көрсетсе , 1-і – орта, жалпы 40%-64% жинады.

Жалпы 9-сынып білім алушыларынан мәлімделгені – 45, нақты қатысқаны – 43, 2-білім алушы денсаулығына байланысты тестілеуге қатыса алмады.

Шекті деңгейден өте алмағаны – 5, жоғары балл жинағандары – 0. Әр сынып бойынша тестілеу нәтижесінің қорытындысы келесідегідей:

9 «А» сыныбы: Мәлімделген барлық 23 оқушының 21-і тестілеуден өтті. Сынып бойынша орташа балл көрсеткіші – 32,1, білім және білік дағдысының сапа көрсеткіші – 85,8% құрады.

жоғары нәтиже көрсеткен білім алушы болған жоқ , яғни 85%-100% көрсетпеді, 7 – орта, яғни 65%-84% , 11-і – орта балл жинады, жалпы 40%-64% , шекті деңгейден өте

алмағаны – 3,яғни 40%-64%.

9 «Б» сыныбы: Мәлімделген оқушы 22-ның барлығы тестілеуден өтті. Сынып бойынша орташа балл көрсеткіші – 32.7-і, білім және білік дағдысының сапа көрсеткіші – 90,9% құрады. 5 – орта (65%-84%), 15 – орта (40%-64%) балл жинады, шекті деңгейден өте алмағаны – 2,яғни 40%-64%.

Жалпы мектеп бойынша кешенді тестілеуге қатысқан 69 білімалушының 64-і нәтижеге қол жеткізсе, 5 білімалушы шектік балл көлемін жинай алмады. Мектеп бойынша компьютерлік тест тапсырған 4,9 сынып оқушыларының үлгерім сапасы – 94,2% құрады.

Сауалнама нәтижесі:

№	Қатысушылар саны	Жалпы саны	Оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайларының жасалуына қанағаттанарлық деңгейі	Көрсетілген білім беру қызметкерлерінің деңгейі	Білім алушының дайындық деңгейінің қанағаттануы
1	Мектепке дейінгі ұйымдарың тәрбие-нің ата-аналары	20	100%	100%	100%
2	Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлері	2		100%	100%
3	4 -сынып оқушыларының ата-аналары	26	100%	100%	100%
4	4 -сынып оқушыларының	26	100%	100%	100%
5	4- сынып пән мұғалімдері және сынып жетекшілері	13	100%	100%	100%
6	9- сынып оқушыларының ата-аналары	45	100%	100%	100%
7	9- сынып оқушылары	45	100%	100%	100%
8	9- сынып пән	14	100%	100%	100%

мұғалімдері және сынып жетекшілері				
---------------------------------------	--	--	--	--

12. Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

1) Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптары сақталған.

2) Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптар сақталған. Өзін-өзі бағалау барысында:

- жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің үлесі сәйкес;
- медициналық қызмет көрсету үшін денсаулық сақтау ұйымының лицензиясы мен лицензияға қосымша бар және шарт негізінде білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуде;
- білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісі 60 орындық асхана бар, ыстық тамақпен 203 оқушы қамтамасыз етілген;
- оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қоры Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрықпен бекітілген нормаларға сәйкес;
- компьютерлік сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 2 наурыздағы №79 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарындағы пайдаланылатын бағдарламалық-аппараттық кешенге, қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарға сәйкес және интернет желісіне қосылған;
- пәндік кабинеттер, зертханалар, спортзал жабдықталған;
- edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атауы бар;
- мектепте Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысына сәйкес санитариялық тораптары (унитаздар, қол жуғыштар) орнатылған;
- Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтауға стандарттарды және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 49 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 32 бірлескен бұйрығына сәйкес мектеп ішінде 3, мектеп ауласында 3 бейнебақылау жүйесі талапқа сай орнатылған;
- білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті дерекқорлары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінде және нақты деректердің Ұлттық білім беру дерекқорына сәйкес енгізілген;
- ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдай жасалған. Кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, пандустар, пандустар тұтқалармен жабдықталған, есіктер мен баспалдақтар қарама-қарсы бояумен боялған.

- 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 7-13 қосымшалар толық толтырылды.

«Өзін-өзі бағалау» бойынша құрылған комиссия мүшелері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттарын және тексеру критерийлерін жұмыс барысында басшылыққа алып, өзін-өзі бағалау қорытындысына «үлгілі» деген бағамен бағаланып, мынадай кемшіліктер анықталды:

- 1.«Күнделік kz» жұмысының техникалық тұрғыда тұрақсыз жұмыс істеуіне байланысты мұғалімдердің журналға қойған белгілерінің дұрыс түспеуі (толтырылған мәліметтердің сақталмауы), сонымен қатар бірнеше мұғалімнің электронды журналды толтыру қағидаларын жауапкершілікпен орындамауы себебінен «өзгертулер тарихы» бөліміндегі түзетулердің болуы. Түзетулер енгізген мұғалімдерге тәртіптік шара қолданылды;
2. Шеберхана(ұлдар), (қыздар) жабдықтарының жеткіліксіздігі;
- 3.Спорт залдағы дене шынықтыру сабағына арналған жабдықтардың жеткіліксіздігі;
4. Лингафон, STEM, робототехника кабинеттерін жабдықтау;
- 5.ЖОО мен педагогикалық шеберлік орталықтарымен байланыс орнату арқылы педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін шыңдау жолдарын қарастыру;
- 6.Дарынды, талантты оқушыларды үздіксіз дайындау нәтижесінде түрлі деңгейдегі байқауларға қатыстыру.

Қаулы етті:

1. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша жасалған өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысында анықталған кемшіліктер ескерілсін және проблемаларды шешу жолдары қарастырылсын.
2. Мектептің бағалау өлшемшарттары бойынша жасалған өзін-өзі бағалау нәтижелері «үлгілі» деп бағалансын.

Кеңес төрағасы:

А.Стыбаева

Хатшы:

Н.Тулеушова

